

Елбасы Жолдауын талқылады



лестерімізді нығайта отырып, жаһандық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құруға бағытталған.

Міне, еліміздің Тұңғыш Президенті саяси көрегендік танытып, мәңгілік ел болуымыз үшін мемлекетімізді дамыту бойынша төртінші қадамдық жоспарын бізге - Қазақстан халқына Жолдады, ал оны іске асыру - біздің басты міндетіміз,- деді Амантай Кәкімбекұлы.

Елбасы Жолдауын талқылау барысында қалалық қоғамдық

Қала әкімдігінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтарда жариялаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы талқыланды.

Елбасы Жолдауының іске асырылуына байланысты мақсат - міндеттерді талқылау барысында жиынға төрағалық жасаған қала әкімі Амантай Балғарин баршаны ел дамуының жолындағы ауқымды жұмыстарға белсенді атсалысуға, үлес қосуға шақырды.

- Бұл Жолдау жаңа әлемге, яғни «Төртінші өнеркәсіптік революция» әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу қажеттігін айқындайды. Біз Тәуелсіздік тарихының ширек ғасырлық кезеңін сүрінбей жүріп өтіп, жаңа дәуірге қадам бастық. Елбасымыздың көреген де дана саясатының арқасында, Қазақстанның даму жолы табыстарға толы болды. Бүгінде бұл жетістіктерімізді әлсіре



жүзі мойындап, әлем елдерінің көшбасшылары, халықаралық деңгейдегі сарапшылар жоғары бағасын берді.

Тәуелсіз мемлекет құрып, нарықтық экономика құрған бірінші жаңғыру ел ішінде бірілік пен тұрақтылықтың негізін қалауға мүмкіндік берді. «Қазақстан-2030» бағдарламасын қабылдап, жаңа Елорданы салған екінші жаңғыру кезеңінде бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттік қатарына қосылдық. Үшінші жаңғырумен байланысты бұл Жолдау осы кезеңде кейін бағытталған бә-

кеңестің төрағасы, апталық «Торғай» газетінің директор - бас редакторы Арыстан Айтмағамбетов, қала әкімі аппаратының басшысы Бауыржан Бралин, аға ұрпақ өкілі, еңбек ардагері Рақымжан Бектұрғанов, мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы Арқалық қалалық бөлімшесінің басшысы Айнагүл Шамшина, жастар ресурстық орталығының басшысы Аманкелді Ахметжановтар баяндамаларын жасап, тұжырымды ой - пікірлерін ортаға салды.

